**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Наурыз айы 2026 жыл 3 апта**

**Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.**

Отан, ел, туған өлке туралы білу

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

**Мектепке дейінгі ұйымы:** «АйКүн» бөбекжай балабақшасы

**Топ:** Ересек «Балапан» тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету):** 16 Наурыз айы– 20 Наурыз айы, 2026 оқу жылы

**Тәрбиеші:**Бердонғарова А.Б

**Апта дәйек сөзі:** «Білікті білім жинап кәсіп етер,білімнің дәмін татып өсіп өнер»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.03.2026 ж | Сейсенбі 17.03.2026 ж | Сәрсенбі 18.03.2026 ж | Бейсенбі 19.03.2026ж | Жұма 20.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі:**<br>**АҚ Жауын күйі Секен Тұрысбеков**<br>https://yandex.kz/video/preview/10763661534965042311?utm_source=copy_link&utm_medium=social&utm_campaign=share | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Сиқырлы су»<br>**Шарты:** Балалар суға түрлі заттарды салып, бата ма, қалқып жүре ме бақылап көреді. | «Көңілді қимылдар»<br>**Шарты:** Музыка әуенімен жүгіру, секіру, түрлі қимылдарды қайталау.<br>**қимылды ойын** | «Құрылысшылар»<br>**Шарты:** Балалар құрылыс бөлшектерінен үй, көпір құрастырады. Бір-бірімен ақылдасып жұмыс жасайды.<br>**танымдық, шығармашылық,** | «Дәмді ас»<br>**Шарты:** Балалар аспаз рөлінде ас дайындауды ойнайды (араластыру, ыдысқа салу).<br>ойын, **шығармашылық, коммуникативтік, еңбек әрекеті** | «Түстерді тап»<br>**Шарты:** Тәрбиеші айтқан түсті тауып, сол түсті затты көрсетеді.<br>**танымдық, коммуникативтік, ойын.** |

<table>
<tr><td></td><td>эксперимент алдық, танымдық, коммуникативтік әрекет</td><td></td><td>коммуникативтік, дербес әрекет</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Сапқа тұру. Жылдамдықты дамыту**<br>Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық сақтауға үйретуді жалғастыру. Жүгіру арқылы жылдамдық пен ептілікті дамыту.<br><br>**І. Кіріспе бөлім (5 минут)**<br>Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. | **Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын 1: «Қонақты қарсы ал»<br>Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші «қонақ келді» деп хабарлайды.<br>Бір бала қонақты толық аты-жөнімен шақырады: «Айдос Ержанұлы, төрге шығыңыз!»<br>Балалар сәлемдесу сөздерін әртүрлі интонациямен айтады: салтанатты, қуанышты, құрметпен.<br>дауыс мәнерін өз бетінше | **Дене тәрбиесі**<br>**Негізгі қимылға дейін**<br>**Ойын: «Ақылды робот»**<br>**Мақсаты:** Зейінді, есту қабілетін және дәл қимылды дамыту.<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші өзін «Ақылды робот» немесе «Жасанды интеллект» деп таныстырады.<br>Балалар тек «Робот айтты...» деген сөзден кейін ғана қимылды орындайды.<br>Мысалы:<br>«Робот айтты: оңға бұрыл!»<br>«Робот айтты: солға бұрыл!» | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбырамен орындалған ән тыңдатылады.<br>Иллюстрация арқылы мазмұны ашылады.<br>Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін әннің көңіл күйін айтады.<br>Ойын: «Көңіл күйді таңда»<br>Көңілді/тыныш/ойнақы смайликтерден біреуін таңдайды.<br>**Ән айту**<br>Ән сүйемелдеумен, кейін сүйемелдеусіз қайырмасы айтылады.<br>Мәнерлеп айтуға баулу:<br>сөйлем соңын созу фразаны бір | **Дене тәрбиесі**<br>**Сапқа тұру. Шапшаңдықты дамыту**<br>Жүгіру арқылы шапшаңдық пен төзімділікті дамыту.<br><br>**І. Кіріспе бөлім**<br>Сапқа тұру.<br>Жай жүріс.<br>Бағыт ауыстырып жүгіру.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br><br>**ІІ. Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Саусақ жаттығулары.<br>2. Қол айналдыру.<br>3. Бұрылу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сыртқы келбетін тексеру.<br>Жаттығулар:<br>Жай жүріс<br>Аяқ ұшымен жүру<br>Өкшемен жүру<br>Бағыт ауыстырып жеңіл жүгіру<br>Тыныс алу жаттығуы (3–4 рет).<br><br>**II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)**<br>Қолды алға созып, саусақтарды ашу-жұму (6–8 рет).<br>Қол білектерін | қолданып, тыңдаушы назарын аудару.<br>Ойын 2: «Дәстүрді таныстыр»<br>Бала белгілі бір дәстүрді (Наурыз, тұсаукесер, бата) әсерлі дауыс ырғағымен таныстырады: «Наурыз ұлы мереке!»<br>Интонация арқылы мазмұнды жеткізуге үйренеді.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын 1: «Ұ дыбысын анық айт»<br>Сөздер: ұлыс, ұлттық, ұрпақ, ұлағат.<br>Балалар дыбысты | «Робот айтты: бір рет секір!»<br>Тек «Алға жүр!» десе, балалар орындамайды.<br><br>**Қимылды ойын: «Құрсауға дәл түс»**<br>**Жасанды интеллект ойыны: «Ақылды көмекші»**<br>Әр бала допты лақтырғаннан кейін мұғалім:<br>«Ақылды көмекші былай дейді: сәл күшті лақтыр.»<br>«Ақылды көмекші: нысанаға тура қара.»<br>«Ақылды көмекші: жарайсың, дәл тигіздің!»<br>Балалар келесі әрекетте кеңесті | тыныспен айту қимылмен үйлестіру (ре–си диапазонында дыбысты дұрыс алып айту)<br>Ойын: «Әнді қимылмен айт»<br>Ән айта отырып 2 қимылды міндетті орындау: қолды ашу + бұрылу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Таныс әнді сахналау, эпизодтар арасында ауысу: «жүру тоқтау қол бұлғау айналу».<br>Ойын: «Эпизод картасы»<br>Карта көрсетіледі (жүру/айналу/қол бұлғау) балалар сол қимылды орындайды.<br>**Аспапта ойнау**<br>Металлофонда бір пластинада «ұзақ- | 4. Еңкею.<br>5. Орнында секіру.<br><br>**III. Негізгі қимыл**<br>Бір-бірден сапқа тұру.<br>Екеуден қатарға тұру.<br>Белгі бойынша бұрылу.<br><br>**IV. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдық пен төзімділікті дамыту.<br>**Ойын шарты:** Белгі бойынша балалар белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады.<br>**Ережесі:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналдыру.<br>Қолды екі жаққа созып айналдыру.<br>Қол белде оңға, солға бұрылу.<br>Орнында жеңіл секіру.<br>Педагог дене қалпына назар аударады.<br><br>**III. Негізгі қимыл**<br>Бір-бірден сапқа тұру.<br>Екеуден қатарға тұру.<br>Шеңберге тұру.<br>Белгі бойынша оңға, солға бұрылу.<br>Қауіпсіздік: | жеке, кейін сөз ішінде анық айтады.<br>Сөйлем құрайды: «Наурыз ұлыс мерекесі.»<br>Ойын 2: «Ғ және Қ дыбыстары»<br>Сөздер: ғұрып, қонақ, құрмет, ырыс, ілтипат.<br>Тәрбиеші сұрайды: «Қонақ не істеді?»<br>Балалар: «Қонақ келді.» «Қонаққа құрмет көрсетті.»<br>Дыбыстарды анық, қалыпты қарқынмен айтуға жаттықтыру.<br><br>**Сөздік қор**<br>Ойын 1: «Батаны мәнерле»<br>Қысқа бата сөзін | орындап көреді.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>**Ойын: «Роботтар биі»**<br>Музыка әуенімен: баяу музыкада – робот сияқты баяу қозғалады; жылдам музыкада – жылдам қозғалады; музыка тоқтағанда – қатып қалады.<br><br>**Қорытынды бөлім**<br>**Ойын: «Ақылды бағдаршам»**<br>Тәрбиеші үш түсті шеңбер көрсетеді: Жасыл – «Маған бәрі оңай болды». Сары – «Аздап қиналдым». Қызыл – «Маған көмек керек».<br>Балалар өз көңіл | қысқа» соғу (ұзақ дыбысқа бір соққы, қысқаға екі соққы).<br>Домбыра үні қосылғанда балалар ырғақпен сүйемелдейді.<br>Ойын: «Ұзақ па, қысқа ма?»<br>Музыка ұзақ дыбыс берсе 1 рет, қысқа болса 2 рет соғу.<br>**Би**<br>Қазақ би қимылдарын қайталау және біріктіру: қадам + қол өрнегі + иық қимылы.<br>Ойын: «Би тізбегі»<br>Қимылдарды тізбекпен орындау: 1) қадам 2) қол 3) иық — соңында толық би. | Белгіге дейін ғана жүгіру<br>Кезек сақтау<br>Бір-бірін итермеу<br><br>**V. Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен жеңіл жүру.<br><br>**VI. Қорытынды бөлім**<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>Мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүгіру кезінде бір-біріне соқтығыспау Белгіден аспау<br><br>**IV. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»**<br>**Мақсаты:** Жылдамдық пен зейінді дамыту.<br>**Ойын шарты:** Педагог допты алға қарай домалатады. Белгі бойынша балалар допты қуып жетіп, ұстап | кідіріс жасап, логикалық екпінмен айту: «Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!» Мәнерлеп сөйлеуге баулу.<br>Ойын 2: «Сөзді толықтыр» «Наурызда адамдар бір-біріне …»<br>Балалар жалғастырады: «құттықтау айтады.» «бата береді.»<br>Жаңа сөздерді белсенді қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Ойын 1: «Сөйлемді кеңейт»<br>Жай сөйлем: «Наурыз мереке.» | күйін таңдап көрсетеді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әкеледі.<br>**Ережесі:**<br>Белгі бойынша ғана жүгіру<br>Бір-бірін итермеу<br>Допты дұрыс ұстау<br>**Педагог әрекеті:**<br>Жүгіру техникасын бақылау.<br><br>**V. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут)**<br>Музыкамен жеңіл жүру, қолды жоғары-төмен қозғау.<br><br>**VI. Қорытынды** | Жайылма сөйлем: «Наурыз көктемде тойланатын ұлттық мереке.»<br>Ойын 2: «Қандай? Не істеді?»<br>үлкен мереке өтті<br>әже бата берді<br>балалар ән айтты<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын 1: «Неге маңызды?»<br>Неге Наурызды ұлы мереке дейді?<br>Не үшін адамдар бата береді?<br>Балалар себеп-салдар байланысын толық сөйлеммен жеткізеді.<br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбырада ойнақы күй тыңдатылады. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бөлім (3 минут)**<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>Белсенді балаларды мадақтау | Балалар соңына дейін тыңдайды.<br>Музыкада «жылдам» жерін қолмен шапалақтап белгілеу ұсынылады.<br>Ойын: «Жылдам жерін тап»<br>Музыка жылдамдаса шапалақ, баяуласа қол тізеде.<br>**Ән айту**<br>Таныс ән сүйемелдеумен айтылады.<br>Қайырма сүйемелдеусіз айтылып көріледі.<br>Әнді созып айту, қимылмен үйлестіру: қайырмада қолды жоғары көтеру.<br>Ойын: «Созып | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жібер»<br>Ән соңындағы дыбысты бәрі бірге «ұзақ» созып айтады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Таныс әннен қысқа сахналық көрініс: «мереке/ойын» мазмұны. Музыка сипатына сай күлімдеу, жеңіл секіру, шеңберге жиналу.<br>Ойын: «Сахнаға шық»<br>Белгі бойынша «кейіпкер» ортаға шығып қимыл көрсетеді, эпизод біткенде орнына қайтады.<br>**Аспапта ойнау**<br>Балалар | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | домбырасын қолдану: бір бала 1–2 рет қағады, басқалары соқпалы аспаппен ырғақ береді. Металлофонда бір пластинада біркелкі соғу.<br>Ойын: «Топ болып сүйемелде» Ән айтылғанда бәрі ырғақ береді, ән тоқтағанда бәрі тоқтайды.<br>**Би**<br>Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылды өзгерту, шапшаңдық көрсету.<br>Ойын: «Кім епті?» Белгі естілгенде тез тоқтап, дұрыс қалыпқа тұру (қол кеудеде/қол жоғары). | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | Наурыз жыл басы **Апталық дәйек сөз:** «Наурыз жаңару мен біріктің мерекесі» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар Наурыз мерекесі туралы әңгімеге қатысады, «Наурыз келді», «жыл басы», «мереке тойланды» сөз тіркестерін анық айтады. Ойын: | Наурыздағы ұлттық тағамдар **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар Наурыз көже туралы әңгімелейді, ұлттық тағам атауларын дұрыс, анық айтуға тырысады. **Ойын: «Қалай айтамыз?»** Тәрбиеші «Наурыз көже», «құрт», «ірімшік», «бауырсақ» сияқты тағам атауларын айтады. Балалар сөздерді хормен және жеке-жеке қайталап, дұрыс дыбыстауға көңіл бөледі. Кейін | Ұлттық киімдер мен әшекейлер **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар ұлттық киімдер туралы әңгімеге қатысады, «шапан», «камзол», «тақия», «сәукеле» сөздерін анық, дұрыс айтуға тырысады. **Ойын: «Қандай киім?»** Тәрбиеші ұлттық киімнің суретін көрсетеді. Балалар оның атауын айтып, түсін, әшекейін сипаттайды. Сын есім мен зат есімді байланыстырып айтуға жаттығады: әдемі камзол, ұзын шапан. | Ұлттық ойындар **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар ұлттық ойындар туралы әңгімелейді, «алтыбақан», «ақ сүйек», «арқан тартыс» сөздерін анық, дұрыс айтуға тырысады. **Ойын: «Ойынды ата»** Тәрбиеші ұлттық ойындардың суреттерін көрсетеді. Балалар ойынның атауын айтып, қалай ойналатынын қысқаша түсіндіреді. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар ұлттық ойын ойнау барысын ретімен әңгімелейді. **Ойын: «Бір сөйлем** | Наурыз береке мен бірлік мерекесі **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар Наурыз мерекесі туралы алған білімдерін еске түсіріп, сөздерді анық, дұрыс айтады. **Ойын: «Наурызды ата»** Әр бала Наурызға байланысты бір сөз немесе тіркес айтады: мереке, көже, ойын, қонақ. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар Наурыз мерекесі туралы ортақ әңгіме немесе ертегі құрайды. **Ойын: «Ертегіні жалғастыр»** Бір бала бастайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Наурыз сөздері» Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар қайсысы Наурызға қатысты екенін анықтап, сөздерді дұрыс дикциямен қайталайды. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Наурыз келді» тақырыбында шағын көрініске қатысады. Ойын: «Мереке басталды» | балалар қай тағамды үйде көргенін айтып береді. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар Наурыз көженің қалай дайындалатыны туралы ретімен әңгіме құрайды. **Ойын: «Алдымен кейін»** Тәрбиеші көжеге қосылатын тағамдардың суреттерін көрсетеді. Балалар алдымен не салынады, кейін не қосылады деп ретімен айтып, сөйлем құрастырады. **Көркем әдебиет** Балалар ас, дастархан туралы | **Байланыстырып сөйлеу** Балалар ұлттық киім киген адам туралы әңгіме құрайды. **Ойын: «Сипаттап айт»** Бір бала суретті таңдап алады да, киімнің бөліктерін ретімен сипаттайды, басқа балалар оның қай киім екенін табады. **Көркем әдебиет** Балалар ұлттық киім, сән-салтанат туралы өлең тыңдайды. **Ойын: «Есте сақта»** Тәрбиеші өлеңді оқиды, балалар өлеңнен есте қалған сөздерді кезекпен айтып | **қос»** Бір бала «Біз алтыбақан ойнадық…» деп бастайды, келесі балалар бір-бір сөйлемнен қосып, әңгімені жалғастырады. **Көркем әдебиет** Балалар ойын, қимыл-қозғалыс туралы жаңылтпаш айтады. **Ойын: «Қайталап айт»** Балалар жаңылтпашты алдымен жай, кейін жылдам қарқынмен айтып көреді. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді интонациямен, анық айтуға жаттығады. **Ойын: «Әдемі сөйле»** Тәрбиеші бір | қалған балалар ретімен жалғастырып, толық әңгіме жасайды. **Көркем әдебиет** Балалар Наурыз туралы өлеңді мәнерлеп айтады. **Ойын: «Кім әсерлі айтады?»** Балалар өлеңді дауыс ырғағын сақтап айтуға тырысады. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді дұрыс интонациямен айтады. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші қате айтылған сөзді айтады, балалар дұрысын табады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар бір-бір сөйлем қосып, мерекенің басталуын ретімен әңгімелейді. **Көркем әдебиет** Балалар Наурыз туралы өлең тыңдайды, мақал-мәтелдермен танысады. Ойын: «Мақалды жалғастыр» Балалар мақалдың жалғасын табуға тырысады. **Қазақ тілі** Балалар «Ұлыстың | мақал-мәтелдермен танысады. **Ойын: «Дұрыс тап»** Тәрбиеші мақалдың мазмұнын айтып береді, балалар қай мақал сәйкес келетінін табады немесе мақалдың соңын аяқтайды. **Қазақ тілі** Балалар тағамға қатысты сөйлемдерді интонациямен айтады. **Ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** Тәрбиеші «Наурыз көже …» деп бастайды, балалар «дәмді», | шығады. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді дұрыс интонациямен айтады, ө, ү, ұ, қ, ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтуға жаттығады. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші сөзді баяу айтады, балалар сол сөзді дұрыс дыбыстаумен қайталайды. | сөйлемді айтады, балалар оны қуанышты, мерекелік көңіл күймен қайталайды. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұлы күні», «Наурыз құтты болсын!» сөздерін интонациямен айтады. Ойын: «Әдемі айт» Балалар сөйлемді жай, қуанышты, мерекелік интонациямен айтып көреді. | «пайдалы», «берекелі» деп жалғастырып, толық сөйлем айтады. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ | | | | | |

| | |
|---|---|
| | киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Математика негіздері**<br>Балалар мерекелік заттардан құралған жиынды қарайды.<br>Ойын: «Жұбын тап»<br>Балалар заттарды жұптап қойып, тең немесе тең еместігін анықтайды.<br>**Қоршаған әлеммен** | **Математика негіздері**<br>Балалар дастарханға қойылған ыдыстарды қарайды, санайды.<br>**Ойын: «Қанша кесе?»**<br>Тәрбиеші үстелге кесе, табақтарды қояды. Балалар санап, қанша екенін айтады, жұптап қойып тең немесе тең емес екенін анықтайды, «нешінші?» сұрағына жауап | **Математика негіздері**<br>Балалар ұлттық киімдегі ою-өрнектерді қарайды.<br>**Ойын: «Үлкен кіші»**<br>Балалар оюларды өлшемі бойынша салыстырып, үлкенін, кішісін ажыратады, жұптайды.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Балалар ұлттық киімнің мерекеде, | **Математика негіздері**<br>Балалар ойыншықтарды, құралдарды санайды.<br>**Ойын: «Ретін тап»**<br>Балалар ойын құралдарын ретімен орналастырып, «нешінші?» сұрағына жауап береді.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Балалар ұлттық ойындардың балаларды ептілікке, достыққа тәрбиелейтінін түсінеді. | **Математика негіздері**<br>Балалар кеңістікте бағдарлайды.<br>**Ойын: «Қайда тұр?»**<br>Балалар заттың орналасуын айтады: алдында, артында, оң жағында, сол жағында.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Балалар салт-дәстүрді құрметтеу, үлкенді сыйлау туралы айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таныстыру**<br>Балалар Наурыздың көктем мезгілімен байланысын түсінеді.<br>Ойын: «Қай мезгіл?»<br>Балалар көктемге тән белгілерді атайды.<br>**Сурет салу**<br>Балалар Наурыз мерекесінің көрінісін салады.<br>Ойын: «Мерекені бейнеле»<br>Әр бала суретінде күн, адамдар, мерекелік көңіл күйді | береді.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Балалар астың адамға күш беретінін, үлкендердің асты қадірлеу керектігін айтады.<br>**Ойын: «Пайдалы ас»**<br>Тәрбиеші тағам суреттерін көрсетеді. Балалар қайсысы пайдалы, қайсысы мерекелік ас екенін айтып түсіндіреді.<br>**Сурет салу**<br>Балалар мерекелік дастарханды бейнелейді.<br>**Ойын: «Берекелі дастархан»**<br>Балалар суретте | тойда киілетінін түсінеді.<br>**Ойын: «Қай кезде киеміз?»**<br>Тәрбиеші жағдайды айтады (мереке, күнделікті күн), балалар қай киім киілетінін айтып береді.<br>**Сурет салу**<br>Балалар ұлттық киімді бояп, әшекейлейді.<br>**Ойын: «Әшекейле»**<br>Балалар камзол немесе шапанның суретін өз қалауынша өрнектеп бояйды.<br>**Жапсыру**<br>Балалар ұлттық ою элементтерін орналастырады.<br>**Ойын: «Ою құрастыр»** | **Ойын: «Досым қандай?»**<br>Балалар ойын кезінде бір-біріне қалай көмектесу керектігін айтып береді.<br>**Сурет салу**<br>Балалар ұлттық ойын көрінісін бейнелейді.<br>**Ойын: «Ойынды сал»**<br>Әр бала өзі көрген немесе ұнаған ұлттық ойынды сурет арқылы көрсетеді.<br>**Жапсыру**<br>Балалар ойын құралдарының бейнесін жапсырады.<br>**Ойын: «Ойын құралын құрастыр»**<br>Балалар дайын бөліктерден алтыбақан, доп сияқты бейнелерді құрастырып жапсырады. | **Ойын: «Дәстүрді сақтайық»**<br>Балалар Наурызда қандай әдеттер жасалатынын айтып шығады.<br>**Сурет салу**<br>Балалар Наурыз мерекесінің жалпы көрінісін салады.<br>**Ойын: «Наурыз тойын сал»**<br>Балалар суретте адамдарды, дастарханды, ойындарды бейнелейді.<br>**Жапсыру**<br>Балалар мерекелік ою-өрнектерді жапсырады.<br>**Ойын: «Мерекелік өрнек»**<br>Балалар оюларды ретімен орналастырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетуге тырысады. **Жапсыру** Балалар ұлттық ою элементтерін жолаққа біріздіділікпен жапсырады. Ойын: «Оюды жалғастыр» Балалар берілген үлгі бойынша оюды ретімен орналастырады. **Құрастыру** Балалар LEGO арқылы мерекелік алаң құрастырады. Ойын: «Наурыз | дастарханға не қоюға болатынын айтып отырып салады, әр заттың орнын дұрыс орналастыруға тырысады. **Жапсыру** Балалар дастарханға арналған ою-өрнектерді жапсырады. **Ойын: «Өрнекті ретте»** Балалар ою элементтерін үлгіге қарап біріздіділікпен орналастырып жапсырады. **Құрастыру** Балалар құрылыс материалдарынан немесе LEGO-дан мерекелік үстел құрастырады. | Балалар дайын ою бөліктерін ретімен орналастырып, жолаққа жапсырады. **Құрастыру** Балалар қағаздан немесе LEGO арқылы киім үлгісін құрастырады. **Ойын: «Сән үйі»** Балалар бірігіп ұлттық киім көрсетілімін ұйымдастырып, қай киім кімге арналғанын айтады. **Мүсіндеу** Балалар ұлттық әшекей бұйымды мүсіндейді. **Ойын: «Ұлттық әшекей»** Балалар жасаған мүсінін көрсетіп, оның қандай | **Құрастыру** Балалар LEGO немесе құрылыс материалдарынан ойын алаңын құрастырады. **Ойын: «Ойын алаңы»** Балалар бірігіп қай жерде қандай ойын болатынын орналастырады. **Мүсіндеу** Балалар доп, асық сияқты ойын заттарын мүсіндейді. **Ойын: «Ойыншық жаса»** Балалар мүсіндеген затын көрсетіп, қандай ойынға арналғанын айтады. | әдемі композиция жасайды. **Құрастыру** Балалар ұжымдық Наурыз алаңын құрастырады. **Ойын: «Береке алаңы»** Балалар бірігіп киіз үй, ойын орны, дастархан орнын орналастырады. **Мүсіндеу** Балалар мерекеге қатысты заттарды мүсіндейді. **Ойын: «Наурыз белгісі»** Балалар өз мүсінінің нені білдіретінін айтып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алаңы» Балалар бірігіп киіз үйге арналған орын жасайды. **Мүсіндеу** Балалар күн немесе гүл мүсіндейді. Ойын: «Көктем белгісі» Балалар өз мүсінінің нені білдіретінін айтып береді. | **Ойын: «Дастархан жай»** Балалар бірлесіп үстел, орындық, ыдыс қоятын орын жасап, қай зат қай жерде тұруы керектігін айтады. **Мүсіндеу** Балалар ұлттық ыдыс тостағанды мүсіндейді. **Ойын: «Ұлттық ыдыс»** Балалар жасаған мүсіндерін көрсетіп, оның не үшін қолданылатынын айтып береді. | әшекей екенін айтып береді. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айламен бірге математика бағытпен жұмыс. **Жұмыс:** Затт | Латифамен бірге қимылкоординациясымен жұмыс. **Жұмыс:** Допты | Мансурмен бірге әңгімелеу **Жұмыс:** Берілген тақырыпқа қысқа әңгіме айту. | Даниалмен бірге графикалық дағды. **Жұмыс:** Үлгі бойынша сызық | Муслиммен бірге логика **Жұмыс:** Пішіндерді салыстыру. **Нәтиже:** Пішін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арды салыстыру (артық-кем). **Нәтиже:** Салыстырып айтады. | дәл лақтыру. **Нәтиже:** Қимыл үйлесімі дамиды. | **Нәтиже:** 4–5 сөйлем құрайды. | жүргізу. **Нәтиже:** Қол бұлшықеті нығаяды. | айырмашылығын түсінеді. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Жел мен ағаш» **Шарты:** Бір топ жел, бір топ ағаш. Жел жүгіріп өтеді, ағаштар тербеледі. | «Көктемгі су» **Шарты:** Балалар ирелеңдеп жүгіріп, «көлге» (шеңберге) жиналады. | «Тепе-теңдік» **Шарты:** Сызық бойымен қолды екі жаққа созып жүру. | «Қарды жина» **Шарты:** Ақ доптарды тез жинап, себетке салу (эстафета). | «Жаңбыр жауды» **Шарты:** «Жаңбыр» дегенде балалар жүгіріп паналайтын жерге жиналады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей | | | | |

| | |
|---|---|
| | жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |